
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ДІН

ӘОЖ 108:109.2(584 5)

ЖУСІП БАЛАСАҒҰНЫҢ «ҚҰТАДГУ БІЛІК» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ- РУХАНИ СИПАТЫ

**YUSUF BALASAGUNI IN THE WORK " KUTADGU BILIK "
PRINCIPLES OF TURKISH AND ISLAMIC WORLDVIEW,
CULTURAL AND SPIRITUAL CHARACTER**

Г.Ә.ШАДИНОВА*

Түйіндеме

Мақалада ортағасырлық түркі ойшылы Жұсіп Баласағұның «Құтадғу білік» шығармасының тарихи, әлеуметтік, мәдени алғышарттарына жүйелі түрде тарихи-философиялық талдау жасалып, оның философиялық көзқарастарының қайнар көздері түркі және ислам дүниетанымының өзара кіргігі қарастырылды. Ойшылакының дүниетанымдық көзқарастарында ислам мәдениетінен нарази алаңан түркі философтарының ислам әлемімен мәдени сұхбатына негіз болатын - түркілік-исламдық рухани құндылықтарды накты іс жүзінде әлеуметтік салада колданудың алғаш моделі жасалынды. «Құтадғу білік» шығармасы арқылы Жұсіп Баласағұн түркі халықтарының жазба әдебиетінің негізі - түркі тілінде философиялық ой кешу үрдісін қалыптастыруды. Сондыктан поэтикалық формадағы үлгілерді ұсынып, курделі сипаттағы образдарды ашу әдісі шығыстық дүниені түсінудің өзіндік ерекшелігі екендігін түжірымдауға болады

Кілт сөздер: түркі, ислам, қарахан, дүниетаным, тәңірлік, философия, Жұсіп Баласағұн.

Summary

This article while investigating historical, social cultural works of Turkic thinker Yusuf Balasagun, it was found out the interrelation of philosophical outlooks of Turkic and Islamic world. By means of creative work of Yusuf Balasagun «Kudatgu Bilik» have been united in one uniform Turkic and Islamic outlook and for today value of this work has great importance. It became known that in outlook of Yusuf Balasagun that Islamic the culture was spread among Turkic people was the basic theme among the philosophers Turkic world. Also it became known that Yusuf Balasaguni was the founder of model of use Turkic and Islamic of spiritual values which have begun to adhere in social sphere.

Keywords: Turkic, Islamic, in Karahan, outlook, God, philosophy, Yusuf Balasaguni.

*
философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті, Түркістан-Қазақстан.
Candidate of Philosophical science, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Shadinova.G@mail.ru

Г.Ә.Шадинова. Жұсіп Баласағұның «Құтадғу білік» шығармасындағы...

Қазіргі заманда үлкен этносаяси, этномәдени кеңістікті алып жатқан түркі тілді елдер өркениетінің өткені болып саналатын орта ғасырларда әр түрлі әлеуметтік-мәдени үрдістер жүріп отырган. Өзіндік өркениеттік белгілері бар қалалар салғанымен түркі тайпалары дәстүрлі мәдениеттің үстемдік еткен заманында негізінен көшпеліліктің қасиетін танытатын өмір салтын ұстанғанын байқаймыз. Осындағы дәуірдің өзіндік тарихи келбеті халықтардың ерекше этникалық мінез-құлқын, дүниетанымын танымдық үлгілерін қалыптастырыған болатын.

Тарихи маңызы бар орта ғасырлық ірі қалалар кейде көркейіп, кейде басқыншылық соғыстың нәтижесінде қирандыларға айналғаны да тарихи дерек болып табылады. Қоғамның дамуында әлеуметтік әділетсіздік те көрініс бергенін де жасырмау керек. Ал ондай үрдістерге қоғамдағы қарсылық негізінен даналықты өздерінің дүниетанымының іргетасы, рухани қалпы еткен тарихи тұлғалардың шығармашылығынан, іс-әрекеттерінен байқалды. Солардың қатарына орта ғасырлық данагәй ойшылдардың көбісін жатқызуға болады. Түркілік негізіне күмән туғызбайтын Жұсіп Баласағұн өзіндік дүниетанымын, танымдық талпыныстарын осы қатарға толық қосуға болады деген ойдамыз.

Заманауи тіршіліктерді сараптай отырып жалпы отырықшы халықтарға қарағанда көшпенділер жауынгерлік рухқа, жаугершілікке бір табан жақын болғаны жайында және содан туындастырылған олардың қоғамның даму үрдістеріндегі тарихи миссиясы жайлы әр түрлі ғылыми бағалаулар бар. Мәселен, Орталық Азиядағы жауынгерлік рухтағы көшпелі халықтардың отырықшы елдерге шапқыншылықтар жасауы үлкен кеңістіктегі тарихи үрдістердің пәрменді дамуына түрткі жасап, тарихи өзгерудің бір тетігіне айналып отырғаны туралы зерттеушілер арасында пікірлер кездеседі [1, 62]. Мәдениеттердің өзара ықпалдасуы жаңа мәдени үлгілердің пайда болуына, тұлғалардың өзін интеллектуалдық тұрғыдан танытуына әкелетіні де байқалады. Сондықтан философиялық ойлаудың халықтың этникалық және тарихи болмысында өзіндік формасы қалыптасады.

Орталық Азияда ірі феодалдық мемлекет болып танылған Қарахан мемлекеті X ғасырдың екінші жартысында аз уақытта шығыстағы Іле өзенінен бастап, батыстағы Амудария өзені аралығындағы үлкен аумақты жаулап алды. Қарахан мемлекеті өз

кезінде ең құшті және дамыған мемлекет болып есептелді. Қарахан мемлекетінің тарихындағы ең маңызды мәдени құбылыс, бұл X ғасырдың ортасына қарай олардың ислам дінін қабылдауы болды [2, 3].

Исламның таралуының бірінші кезеңінде Орта Азия мен Иранда қарама-қайшылықтар көптеп кездеседі. Мұның өзі исламның ішінде пұтқа табынушылардың қозғалыстарына әкеліп соқтырды. Сейтіп қарахандық түркілерді исламдандыру әрекеті және ислам идеологиясының біртіндеп ену үрдісі қатар жүрді. Екі түрлі дүниені пайымдау арасындағы синтез жүзеге аса бастады. Оның кейбір көріністері қазіргі заманда да байқалады.

Қарахан кезеңіндегі түркі халықтарының мәдениеті көршілес елдердің мәдениетімен ете тығыз байланыста өркендеді және шығыстың рухани даму өрісінен артта қалмады. Бұл жерде әңгіме жеке құбылыстар жайында емес, осы жердің мәдени тарихына бойлай енген қоғамдық маңызы зор мәдениет туралы болып отыр. Бұл жөнінде «тек арабтар мен парсылар ғана емес, түркілер де өз халқының, мұсылман жүртінің, жалпы әлемдік мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосқан» деген Г.Э. Фон Грюнебаумның орынды ескертпесін айта кеткен жөн [3, 122]. Қарахандықтар өздерінің алдындағы саманилерден үлгі алғып, көркем өнер мен сауданың өсуіне қамкорлық жасап, керуен жолдарының жүйесін әбден жетілдірді. «Қарахандықтар өздерінің тарихи өмірлерінде сөзсіз, әр жақтың мәдени ықпалында болды, бірінші шығыстан – қытайдың, ұйғырдың және мұмкін, соғдылардың, ал Мауараннарды жаулап алған соң – парсы мәдениеті мен жергілікті дәстүрдің ықпалына қатты ұшырады» [4, 102]. Қарахан дәуірінде егіншілік, мал шаруашылығы, қолөнер және сауда гүлденіп, елдің экономикасы барынша дамыды. Бұрынғы қалалар көркейіп, жана қалалар жарыққа шықты. Қала мәдениеті өркен жайды. Сол заманың авторлары Тараз қаласын, Исфиджапты «бүкіл дүние жүзі саудагерлері үшін кен бұлағы» деп мадақтады [5, 79]. Сауданың өркендеуіне байланысты ақша айналымы дами түсті. Тіпті жеке қалалардың өз ақшалары болды. Арыс өзенінің орта саласынан табылған қарахандықта заманының бір құлаған қаласының көмбесінен Алмалықтың, Тараздың, Отырадың, Самарқаның, Бұхараның, Қоженттің, Шаштың (Ташкенттің), Қашғардың және басқа қалалардың құйған ақшалары табылған.

X-XII ғасырларда Қарахан мемлекетінде сәулет өнері дамып, тамаша табыстарға жетті. Жетісү өнірі мен Сырдария алқабында

Г.Ә.Шадинова. Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы...

сақталған Айша Бибі күмбезі, Аяқкамыр, Алашахан күмбезі, Талас қаласындағы Әулие ата Қарахан мазары, Бабаша Хатұн күмбезі, Сырлытам, Талас өзеніндегі Тас көпір, Тараз моншасындағы су құбыры және олардағы сан алуан ою-өрнек, нақыштар Қарахан дәуіріндегі өнердің озық үлгілері саналады. Қарахан дәуірінде ғылым, мәдениет барынша гүлденіп жоғарғы дәрежеге жетті. Бұл мәдениеттің батыс иеліктері басты орталығы Самарқан және Бұхара қаласы болды. Бұл екі қала бұдан бұрын ислам мәдениеті өрбіген ірі орталықтар болып келген еді. Ал шығыс иеліктері осындағы негізгі мәдениет орталығы Қашғар мен Баласағұн қаласы болды.

Қарахандар дәуірінде Орта Азияны мекендеген түркі тілді халықтардың мәдениеті марқайып, дами тұсті. Бұл дәуірде әлемге әйгілі Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасы мен Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрк» деген шоктығы биік шығармалар жарыққа шықты.

Түркі қағанаты идеологиясының ең биік шыны және өзегі тәнірлік дін болған еді. Ал ислам дінін қабылдап, оны мемлекеттік дін деп жариялаған қарахандықтар дәуірінде олардың өз идеологиясы қалыптаса бастады. Жұсіп Баласағұн өзінің шығармашылық қызметі арқылы тәнірлік діннің ұстанымдарын исламның мемлекеттік құрылымымен және құқықтық нормалармен ұштастыра отырып, Түркі қағанатында қалыптасқан идеологияны реформалау міндетін мойнына алды. Жалпы Орталық Азия мен далалық аймақтық түркілік әлемін исламдандыру XIII ғасырда басталып, XV ғасырда аяқталғаны белгілі. Бұл аса күрделі тарихи үрдісте ақын-философ Жұсіп Баласағұнның қосқан үлесі орасан зор деп білеміз. Айтальық, ислам діні далаға мұсылман өркениеті мен парсы мәдениетін әкелді дейтін болсақ, исламдық мазмұнды парсылық поэзия түрімен жырлаған Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» түркі тілді әдебиеттің биік туындысына айналғаны даусыз.

Жұсіп Баласағұн бар ынтасымен қызмет еткен Қарахандықтар мемлекеті көне түркі мемлекеттілігінің көптеген дәстүрлерін одан әрі жалғастырган саяси бірлестік болды. Бұл жерде дәстүр сабактастығының сақталып отырғандығын аңғарамыз. Бұл сабактастық қоғамдық өмірдің көптеген салаларын қамтығандығы ақиқат. Міне, осы ақиқатты «Құтадғу біліктің» мазмұнынан танымыз. Шығармада түркілік поэзия мен идеологияның сабактастығы айқын білінеді. Ол сабактастықтың бірден көзге шалынатыны – шығармадағы негізгі кейіпкерлерінің есімдері Күнтолды, Айтолды түрінде көкке табынған

түркілерге тән ерекшеліктермен аталды. Осы жерде Жұсіп Баласағұн дүниетанымындағы түркілік-исламдық синкретті құбылысты аңғаруға болады. Қарахандық қоғамда тәрбие алып, араб ғылымы мен мәдениетінен сусындаған автор исламдық ортодоксалды ұстанымдарға қарамастан маңызды идеологиялық жүк арқалаған «тәнірі» ұғымын шығармада жиі қолданады. Бұл жерде ақын араб-парсы поэзиясының түрлік, мазмұндық өлшемдерін түркілік-пұтқа табынушылық поэзияға сінірумен шектелмей, тәнірлік дінді ұстанған түркі дүниесінің көзқарастар жүйесін, дәстүрлі дүниетаным ерекшеліктерін шығарманың өн бойына таратуға бағыт ұстайды. Бұндай әдебиетшілік негіз Жұсіп Баласағұнның екі өркениеттің мәдени жетістіктерін шебер жымдастырып, танымдық тұрғыда тың нәтижелерге қол жеткізе алған. Жұсіптің орхон-енисей жазбаларының мәтінінде берік орын жогары екпін, шешендік сипаттағы сұраулар тәсілдері жогары баяндауына көтерінкі сезімдік тон береді. Орхон-Енисей жазбаларындағы тақырып пен сарындардың жиі қайталануы Жұсіпке ғана тән емес, бұл тәсілді Махмұт Қашғари да «Диуани лугат ат-түрік» еңбегінде жиі қолданады, тіпті онда Күл-Тегінге арналған үлкен жазбадағы нақты бейнелер мен поэтикалық тұлғалар тұтастай қайталанады.

«Құтадғу білік» дастанының өн бойында ислам дінінің дүниетанымдық канондарымен бірге Тәнірлік дүниетанымының сарындары да қатар өріліп отырады. Өйткені, исламға дейін көшпелілер қоғамының рухани тірегіне айналған Тәнірлік дін қысқа уақыт шегінде халықтың жадынан шығып кетуі мүмкін емес еді. Осыған байланысты А. Сейдімбековтың мына тұжырымына ден қоюға болады. Ол қазақ халқының үш жүздік құрылымына экожүйелек сабактас шаруашылық жүйесі де, оларға қоса кеңістік пен уақытка қатысты Тәнірлік дүниетаным да елеулі ықпал жасағандығын айтады. «Тәнірлік дүниетаным, наным-сенім әрісі көшпелілер үшін, берісі түркі тілдес халықтар үшін дін ғана болып қоймаған ең алдымен өмір салтына айналған. Себебі, Тәнірлік наным-сенімнің өзекті постулаттарының негізінде табиғатпен тіл табысу идеясы бел алып жатады. Ал, көшпелілер үшін табиғатты бағындыру емес, табиғатпен тіл табысу өмір сүрудің кепілі еді. Тәнірі көшпелілер ұғымында шексіз көк аспан, Мәңгілік танымның обьектісі, сонымен бірге ақырына дейін танып болмас ғарыш. Яғни, Тәнірі көшпелілер үшін, өзге діндердегідей адам кейпіне айналмаған (персондалмаған)» [6, 89], - деген ғалымның пікірі Жұсіп Баласағұнның ғарыштық танымынан туған өлең жолдарының негізділігін қуаттай түседі.

Г.Ә.Шадинова. Жүсіп Баласагұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы...

Көшпелілердің дүниетанымында Тәнірі көк аспан, шексіз әлемнің ең құдіретті жаратылысы Күн болып саналса, Жүсіп қоғамның тұрақтылығы мен бірлігінің және жасампаздығының нышаны ретінде «әділетке «Күнтоғды еліг» атын беріп, патша орнына қояды».

Ал халықтың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпында осы дүниетанымның реликт түрінде сақталған нышандарын бүгінгі күнде келін түскенде отқа май қю, баланы бөлерде бесікті отпен аластаяу рәсімдерінен көреміз [6, 89].

Міне, осындай үрдіс барысында ғасырлар бойы ислам жергілікті наным-сенімдер және салт-дәстүрлермен кірікті. Солардың бірі ислам қағидаларында жоқ ата-баба аруағына сиыну дәстүрі исламданған жергілікті халықтық тұрмыс-салт нормаларының біріне айналды.

Оңтүстік Қазақстан жерінің ислам діні мен өркениетін қабылдауды күрделі қоғамдық-саяси құбылыска айналды. Сол кезде Орталық Азия аймағындағы саяси билік түркілердің қолында болуына қарамастан халықтың арасында парсылану үрдісі одан әрі жалғаса берген. Х ғасырда басталған ислам әлеміндегі саяси, рухани тоқыраушылық құбылысы Түркістан жерін де шарлады. Оның мысалын ислам дінін мемлекеттік деп жариялаған қарахандықтар мемлекетінің түрлі рухани ағымдар ықпалымен бірнеше ұсақ бөліктерге бөлініп, шығыстан келген қарақытайлықтардың билігіне мойын ұсынуынан көреміз. Осындай рухани дағдарыс тарих сахнасына Қожа Ахмет Ясауи сияқты түркі халықтарының дүниетанымына ислам дінінің рухани-мәдени құндылықтарымен кіріктіру арқылы, қоғамдық дамудың жана саласына жол ашқан ғұламалар дүниеге келді. Осы кезендеңі рухани өрлеу этникалық үрдістегі түркілік рухты қайта тірілтті. Соның әсерінен өлкедегі діннің тілі, мемлекеттік биліктің тілі, ғылым мен мәдениеттің тілі қайтадан түркілік сипат ала бастаған. Міне осы рухани үрдісті Қожа Ахмет Ясаудің мына хикметінен аңғарамыз:

Қоштамайды ғалымдар біздер айтқан түркіні.
Білгендерден есітіп, ашар көніл мұлкіні.
Аят, хадис мағынасы түркі болса муафік,
Мағынасына жеткендер жерге қояр бөркіні [7, 56].

Қожа Ахмет Ясаудің сопылық дүниетанымының философиялық мәні өте терең екендігі таң қалдырады. Оған мынадай деректі мысал етуге болады. Имам Хусамеддин Хусайн ибн әл-Сығнақи (711/1311ж. қайтыс болған) «Манакиб-и Ахмед-и Иасауи» рисаласындағы Қожа

Ясауи айтыпты деп кемелдікке жетудің үш негізгі моральдық-этикалық тұғырын атап көрсетеді. Соның ішіндегі ең бастысы адамның өзіндігі ақиқатты табу, тану мәселесіне қатысты айтылған «Қағбаны (Алланы) өзінен тап» деген нақылы. Бұл «...кім өзін-өзі таныса, Тәнірді танығаны» деген сопылық дүниетанымдық концепцияны еске салады» [8, 97].

Бұл мәдениет тарихындағы жеке дара құбылыс емес. Жұсіп Баласағұнның поэмалы тұластай түркі тілінде жазып шығуының осындай өткір де зәру әлеуметтік тапсырысы болған деп білеміз. Автор «Құтадғу біліктің» кіріспесіндегі 73-бәйітте былай дейді:

Кітаптар көп арабша да, тәжікше,
Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше
Тек білікті білер мұның құрметін,
Ақылды ұғар ақыл-ойдың қымбатын [9, 45] –

деп жырға кости.

Бұл үрдіс мемлекеттік маңыз алып, саяси қурестің өзегіне айналған кездер де болған. XIII-XIV ғғ. монгол империясы тұсында далалық аймақта түркілену үрдісі түркі халықтарының мәдени-рухани өрлеуінің негізіне айналды. Осы тарихи үдерістің жалғасын философ А. Қасымжанов былайша сипаттайды «Темір Ясауи күлті арқылы түркілік ұлттық идеяны танытып, далалық өркениетті исламмен және зайырлы мұдделермен біріктіріп, Дала мен Мауараннахр арқылы өткен әлемдік сауда жолдарының маңызын қалпына келтіруге әрекет жасады» [10, 146].

А. Қасымжанов Жұсіп дүниетанымының үш негізін атап көрсетеді. Олар: философиялық, шамандық және исламдық. Бұл негіздер парсы-тәжіктік (Рудаки, Фирдауси) және түркілік (жазбаша және ауызша) поэзиялық дәстүрлерден тамыр тартады [10, 188]. Жұсіп Баласағұнның шығармаларына терең талдаулар жасап, оның басты еңбегінің философиялық негіздерін айқындауға үлкен еңбек сінірген ғалымның бұл тұжырымдарын толығымен қуаттауға болады. Өйткені, бұл тұжырымдар Жұсіп Баласағұн шығармашылығын зерттеу тақырыбымыздың мақсатына сай танымдық тұрғыда қарастыруымызға концептуалды бағыт береді.

Философиялық және исламдық негіздердің айта отырып ортағасырларда араб халифатын көрініс берген «фалсафа» құбылысына да тоқтала кеткен жөн. Өйткені, Шығыс философиялық

Г.Ә.Шадинова. Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы...

ойлауының ерекше бір сипаты осы «фалсафа» ұғымымен астасып жатады. Кеңестік қоғамда оны ежелгі грек философиясының араб елдеріндегі жай ғана көшірмесі деген түсініктер де кездесті. Біздің ойымызша бұл қате пікір. Әрине, мұсылмандық философиялық дәстүрді үлгі тұту күні бүгінге дейін өзінің күшін жойған жоқ. Бірақ, қазіргі заманның мұсылмандық бағдардағы ойшылдары тек Құран мен хадистерге түсіндірме жасаумен шектелмейді, сонымен қатар олар Батыстық философияның соңғы үлгілерін де игерген. Орта ғасырларда сондай игерудің алғашқы талпынысы «фалсафа» түрінде көрініс берді.

Ешқандай философиялық ағым тарихи-философиялық үрдісте тап-таза күйінде кездеспейді, өйткені ілімдердің дүниетанымдық, құндылықтық, феноменологиялық өзара қайшылығын кейде өзара байланыс пен ықпалдасу қөмкеріп кететіні де болады. Мәселен, өзара біршама айырмашылығы бар мұсылмандық дүниетанымдық бағыттар: мутазилиттер, калам, сопылық және т.б. шын мәнінде Құранның іргелі принциптерін мойындалап келген ағымдар болып саналады. Сондықтан ұқсас негіздері болғандықтан зерттеушілер үшін оларға жіктемелер жасап, бір-бірінен ажыратудың өзі қыындық әкеледі. F. Есім атап көрсеткендегі - мутазилиттер негізінен рационализм мен білімді жетекші күш ретінде мойындаған және қоғамдағы билік мәселесін әлеуметтік негізде шешудің жолдарын қарастырган болса, ал калам негізінен мұсылмандық құндылықтарды насихаттаушы ағым, оның қағидалары белгілі доктриналарды кисынды түрде түсіндіруге құрылған [11, 96]. «Фалсафа тарихын Ибн Халдуннан артық білу мүмкін іс емес, сондықтан беделге де ғылыми негіз ретінде сүйенген дұрыс болар. Осы себепті негізін салушылар: әл-Ашари мен әл-Матурудилерді фалсафаның пайда болуының теориялық алғышарттары деп қабылдау орынды» деп атап көрсетеді F. Есім мұсылман философиясына арнаған еңбегінде [11, 10].

Әрине, Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» сияқты шоқтығы биік туындысының поэтикалық көркемдігі мен сипатын толықтырып тұрған оның ішкі бай мазмұны екендігі белгілі. Осы ішкі мазмұнды кеңітіп, әрі терендеп тұрған өзек, ол - Жұсіптің танымдық кемелдігі. Әрине, танымдық шеберлік, танымдық тәжірибе танымдық кемелдікке жеткен жағдайда ғана жоғарыдағыдан үздік шығарманы дүниеге әкелері сәсіз.

Осы тұрғыда қарастырғанда Жұсіптің танымдық кемелдігіне негіз болған қоғамдық-саяси ортанның қыры мен сырын айқындаудың маңызы зор. Әсіреле, «Шығыс Ренессансы» идеяларына сузындаған

Баласағұның өткір де сезімге тұнған өмір философиясының қоғамдық-саяси негіздері ерекше назар аударуды қажет етеді. Осыған байланысты жекелеген халықтың мәдениеті мен тілін адамзаттың біртұтас мәдениетінің ауқымынан тыс, уақыт кеңістігіндегі мәңгілік және аяқталмаған мәдени сұхбатсыз, бойына барлық озық дәстүрлерді жиған, мәдениеттің ұлы шығармаларының қарастыру мүмкін емес. Осы ойды бекіте түскен М.М. Бахтиннің «Үлкен уақыт - бірде-бір мағына қаза болмайтын шекіз және аяқталмаған сұхбат» [12, 364] деген сөзінің таным мәселесіне тікелей қатысы бар. Түркілік дүниетаным мен исламдық құқықтық нормалар парсылық поэзияның өлшемдерімен үндесіп, өзара менталитеттік сұхбатқа түсінің нәтижесі - түркілік-исламдық өркениетке жетелеген негізгі тұрткіге, ықпал етуші факторға айналды. Осы құрделі әлеуметтік, мәдени құбылысты танып білуде «Құтадғу білік» шығармасы аса бағалы тұпнұсқалық дереккөз болады. Шығарманың үлкен уақыт кеңістігін қамтыған дәстүршілігі жекелеген мәдени құбылыстардың жүздеген, мындаған жылдарға созылған халықтар мен мәдениеттердің өзара түсінісуі арқылы адамзат мәдениетінің бірлігін тануға мүмкіндік береді. Орта Азия халықтарының әдеби байланыстарындағы сансыз желілерді талдай келе Н. Конрад былай деп жазады: «Орта Азия халықтарының ортағасырлық парсы және түркі халықтарының мәдениетінен өз кезінде әлемдік әдебиеттің шынына жеткен олардың әдебиетімен тарихи байланысқан, ол бұл халықтардың мәдениеті мен әдебиеті өз кезегінде араб әлемі мен Үндістанның мәдениеті және әдебиетімен байланысты болды» [13, 214]. Белгілі түркітанушының бұл пікірлерінің дұрыстығына Жұсіп Баласағұн еңбегіне талдау жасау барысында көптеген мысалдар кездестіреміз.

Бұндай тұжырым жасаған жалғыз Н. Конрад емес. Неміс ғалымы Отто Альбертс Баласағұн шығармашылығын араб халифаты түріндегі кең аумақтың шегіне қатысты қарастырады. Ол алғаш рет Ибн Сина ілімімен, әсіресе, оның этикасын Жұсіп Баласағұның соған ұқсас көзқарастарымен сабактастықта қарастыру концепциясын ұсынады. Оның үстіне Альбертс Аристотель мен Жүсіптің этикалық көзқарастарын салыстыруға біршама ізденістік әрекеттер жасайды.

Жалпы, Баласағұн шығармашылығы, оның дүниеге келген кезеңі көптеген зерттеулердің арасында танымал орыс шығыстанушылары В.В. Бартольд, А.Н. Самойлов, А.Н. Кононов және тағы басқалардың енбектерін ерекше бөліп атауға болады. Олардың енбектері жетістік, кемістігімен қоса алғанда «Құтадғу білікті» зерттеудің тұластай

Г.Ә.Шадинова. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы...

мектебін калыптастырудың теориялық және әдістемелік негізін қалады деп айта аламыз. Міне, содан да қазіргі заманғы философия, әдебиет, филология және тарих ғылымдарында Жүсіп Баласағұн шығармашылығын және ортағасырлық даналықты зерттеудің жеткілікті тәжірибесі жинақталған.

Осындай теориялық-әдістемелік түрткі негізінде Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы таным мәселелері біздің жұмысымызда алғаш рет жеке желі болып зерттеу нысанына айналып отыр.

Баласағұн поэзиясын, оның философиясын танудың жаңа тәсілдерін іздестіру ортағасырлардағы басқа да ойшыл-акындардың күрделі жүйеден тұратын ішкі әлемінің құпиясын ашуға теориялық және әдістемелік негіз болары сөзсіз.

Міне, Жүсіп Баласағұнның шығармашылығына, оның танымдық деңгейіне философиялық түркіда талдау жасаудың ғылыми маңызы ерекше болмақ. Сонымен бірге, «Құтадғу білікті» мәдени-тарихи аспектіде талдаудан өткізудің маңызы - түркі халықтарының ортағасырлардағы қалыптасқан қоғамдық ойының, мәдени дәстүрлердің тарихын одан әрі жетілдіруге негіз қалайтындығы.

Жүсіп Баласағұн танымындағы патриоттық сарынды оның мына бәйітінен анғарамыз:

Көп қой кітап араб, тәжік тілінде
Біздің тілде «бұл – ақыл мен білім» де [9, 56].

Ойшылға бұлай сөз айтқызуудың түрткісі оның туған тіліне деген сүйіспеншілігі мен отаншылдығы болғандығы даусыз. Осындай жоғары да асқақ патриотизмің Жүсіпті саяси мақсаттарға жұмылдырганы анғарылады. Шығарма мазмұнынан көшпелі ортадан шықкан қарахандық билеуші әuletін Мауараннахр, Шығыс Түркістан сияқты жоғары дамыған отырықшы аудандарды басқаруға дайындау мәселесі лейтмотив түрінде көрініс береді. Билеушіге қойылатын талап тілектерді бірінгай тізбелей бермей, ол айтылар ұсыныстарды философиялық оймен пайымдал, нақты тұрмыстық мысалдармен негіздеу шығармаға шырай бере түседі: елжандылық рух шығарманың мазмұнымен бірге оның түркі тілінде жазылуынан танылады. Көшпелі қарахандықтарға, олардың билеушілеріне арнап айтылған өситет солардың өздерінің тілінде және оларға етene таныс дүниетаным арнасында жазылғаны тиімді болатын. Осы түркіда қарастырганда

«Құтадғу білік» тек саяси мақсатты көздеген шығарма емес. Онда сол дәүірдің ғылымы мен мәдениетінің түрлі салаларының білімдері жинақталған. Оның үстіне шығармада автордың өмірдің мәні, адамның жаратылысы, оның қоғамдағы, табиғаттағы орны мен рөлі туралы философиялық ой-тұжырымдары да көрініс тапқан. Шығармаға осы қырынан қарағанда автордың дүниетаным жүйесі ерекше дең коюды, зерделеуді қажет етеді. Танымдық кемелдікке жеткен туындыгер ғана тың дүниені өмірге әкелсе, таным биігі арқылы ғана шығарма уақыт өлшемдерінен жоғары тұрмак.

Шындығында, Жұсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» сияқты шоқтығы бік туындысының поэтикалық көркемдігі мен сипатын толықтырып тұрған оның ішкі бай мазмұны екендігі белгілі. Осы ішкі мазмұнды кеңітіп, әрі терендептіп тұрған өзек, ол – Жұсіптің танымдық кемелдігі. Әрине, танымдық шеберлік, танымдық тәжірибе рухани танымдық кемелдікке жеткен жағдайда ғана жоғарыдағыдан үздік шығарманы дүниеге әкелері сөзсіз.

Шығарманың осындай көпқатпарлы мазмұны оның баяндалу формасының көптүрлілігі, көркемдік шешімдерінің де сан алуандығына астасып, шебер жымдаса алған. Түркі халықтарының дәстүрлі поэзиясының үлгісін (ауызша және жазбаша) тәжік-парсы (соның ішінде Рудаки мен Фирдауси) поэзиясының түрлік, өлшемдік жаңалықтарымен ұштастыру Жұсіп Баласағұн шығармашылық шеберлігінің жетістігі болды.

Тіл шешендігі, ділмарлыққа, тіл ұсталығы өнеріне антика дәүірінде де, ортағасырларда да айрықша көніл бөлінген. Тіл, Жұсіп Баласағұн үшін ең басты дүниетаным құралы. Тіл мәдениетті айқындаушы ең басты факторлардың бірі: тіл адамды аскаралы асуларға көтеріп, сол арқылы бақытын баянды ете алады. Немесе жетікпеген сөйлеу тілі адамның қадыр-қасиетін түсіріп, «шыңқұздарға» тастан та жібере алады. Мазмұн мен форма, мағына мен сөз сәйкестігі, олардың бұлжымас бірлігі - Жұсіп Баласағұн сөз өнеріне қойған талаптар осылар [14, 35].

Сонымен Жұсіп Баласағұн шығармашылық қызметі арқылы тәнірлік діннің ұстанымдарын исламның мемлекеттік құрылымымен және құқықтық нормалармен байланыстыра отырып, Түркі қағанатында мемлекеттік идеологияны қалыптастыруға өз үлесін қости. Өйткені, оның жаратқан және қоғамдық практикаға ұсынған философиялық көзқарастарының қайнар көздері түркі және ислам дүниетанымының үйлесімділігінен туындағаны анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орынбеков М.С. *Предфилософия протоказахов.* - Алматы: Өлкө, 1994. – 207 б.
2. Кононов А.Н. *Слово о Юсуфе из Баласагуна и его поэме. «Құтадғу билик» // Советская тюркология.* – Баку, 1970. - №4. - С. 3-12.
3. Фон Грюнебаум Г.Э. *Классический ислам. 600-1258. Очерк истории / Пер. с англ.* – М.: Наука, 1988. – 216 с.
4. Бартольд В.В. *Түркестанские друзья, ученики и почитателя.* - Ташкент, 1927. - С.69-108.
5. Қазақ ССР тарихы. - Алматы: Қазақ мемлекет, 1959. – Т. 1. – 478 б.
6. Сейдімбеков А. *Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау.* - Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
7. Иасауи Қожа Ахмет. *Хикмет жинақ:* Даналық сыр. -Алматы: Жалын, 1998. –656 б.
8. Кенжетай Д.Т. *Хусамеддин Сығнақидің Насауи туралы рисаласы // Ясауи жолы.* – Түркістан: Ұлттық рух, 2005. - №2 (1). - 90-98 бб.
9. Баласағұн Жұсіп. *Құтты білік /Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев.* - Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
10. Касымжанов А.Х. *Пространство и время великих традиций.* - Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 301 с.
11. Есім F. *Фалсафа тарихы: Оқулық-хрестоматия.* – Алматы: Раритет, 2004. - 304 б.
12. Бахтин М.М. *Эстетика словесного творчества.* - М.: Мысль, 1979. - 424 с.
13. Конрад Н. *Октябрь и филологические науки // Новый мир.* - М., 1971. - С. 27-35.
14. Мәжиденова Д. *Жұсіп Баласағұнның эстетикалық көзқарастары // Білім және еңбек.* – Алматы, 1987. - №3. - 34-35 бб.